



Yasawi University

#30жылдық30жоба

30 ЖЫЛДЫҚ – 30 ЖОБА



Терең тарихтан – жарқын болашаққа!

Егемен елімізде ашылған алғашқы білім ордасы, тәуелсіздігіміздің жаршысы оқу орнымыз 1991 жылы 6 маусымда Түркістан мемлекеттік университеті болып құрылған еді. Бауырлас Түркия Республикасымен берік ынтымақтастық нәтижесінде 1992 жылғы 31 қазанда оқу орны Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды. Бүгінде ерекше мәртебеге ие халықаралық университетіміз өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Заманауи білім ордасының алғашқы миссиясы – сапалы білім беру, екінші миссиясы – ғылыми зерттеулерді жоғары деңгейде жүргізу. Осы екі миссия бірігіп, үшінші миссияның негізін қалайды: ол – қоғамға пайдалы болу!

Өткен тарихымызға зер салсақ, университетіміз бүгінге дейін үш миссияны да толық орындап, Түркістан қаласы мен облысының, еліміздің, сондай-ақ күллі Түркі әлемінің өркендеуі үшін қызмет етіп жатқаны мәлім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан бастамасының басым бағыттарын жүзеге асыру үшін елімізде барлық саланы қамтитын маңызды реформалар жүргізілуде. Президентіміздің ізімен біз де университет үшін атаулы датаға орай, бұрын-соңды болмаған ерекше тарту жасағымыз келді. Ұжыммен ақылдаса келе, мерейтойымызға арнап ауқымды әрі маңызды 30 жобаны қолға алдық. Осы ретте, жобаларымызға қолдау көрсетіп, бірге жұмыс істеген серіктестерімізге – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне; Түркістан облысының әкімдігіне; Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігіне (ТІКА), Түркия Республикасының Анадолу, Гази, Мармара, Муғла Сытқы Кочман және Денсаулық Ғылымдары университеттеріне; Юнус Эмре институтына; «Түрік Әуе Жолдары» Авиация Академиясына (ТНҮ); Шетелдегі түріктер басқармасына (ҮТВ): Тараз қаласындағы «Кардиохирургия және трансплантологияның ғылыми-клиникалық орталығына»; Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына; Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына; «Түрік тарих мекемесі» мен «Түрік тіл мекемесіне»; «Rixos» қонақ үй кешендері мен «Anex Tour» туризм агенттігіне компанияларына шексіз алғыс білдіреміз! Тоқсан ауыз сөзді тобықтай етіп түйіндер болсақ, 30 жобаны қолға алудағы басты мақсат – 30 жылда жеткен жетістіктеріміз бен бүгінгі биігімізді салыстыра бағамдай отырып, сындарлы ой мақсаттарымызға сәйкес жарқын болашаққа жаңа бағдар құру.

Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі



Жоба мақсаты:

Қазақстан мен Түркия Республикалары және тұтас Түркі Дүниесі деңгейінде денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайту мақсаты көзделеді.

Жетістіктері:

Түркияның танымал мамандары ай сайын келіп, күрделі оталар жасауда;

32 науқасқа күрделі оталар жасалынды;

Жүрек қан тамыр жүйесі аурулары бар 15 науқасқа күрделі оталар жасалынды;

1-12 жас аралығындағы 6 науқасқа ота жасалды;

ТІКА-ның көмегімен 100 бала сүндетке отырғызылды;

ТІКА-ның қолдауымен 1 млн АҚШ долларына Клиника-диагностикалық орталығына құрал-жабдықтар әкелінді.

Жоба серіктесі: Түркістан облысының әкімдігі, ТІКА (Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі), Түркия Республикасы Жеррахпаша, Истинье, Гази, Мармара университеттері.

Теология факультеті және «Түркология» ҒЗИ ғимараты



Жоба мақсаты:

Қазақстан Республикасындағы қоғам өмірінің кез келген саласында дін құбылысын ғылыми таным ұстанымдары шеңберінде қарастыратын, жоғары кәсіби деңгейдегі мамандарды даярлайтын, өзіндік дәстүрі бар, білім және ғылым орталығына айналу.

Теология факультеті студенттері Қазақстан Республикасы Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығында, Облыстық дін істері басқармаларында, Облыстық дін мәселелерін зерттеу орталықтарында қызмет істей алады. Факультет түлектеріне сұраныс өте жоғары. Жылына 70-ке жуық түлек оқу бітірсе, олардың басым бөлігі жұмысқа бірден орналасады.

Теология факультетінде 286 студент оқып жатыр.

2022-2023 оқу жылында 100 студент, 2023-2024 оқу жылында 120 студент, 2024-2025 оқу жылында 150 студент қабылдау жоспарда бар.

Жоба серіктесі: ТІКА (Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі)

Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу

Жоба мақсаты:

Қазақ хандығының алғашқы астанасы Сығанақ қалашығына кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы Ұлы Жібек жолындағы көне қалалар арасындағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстарды анықтау және ескерткіштің материалдық мәдениетінің негізгі элементтерін қайта қалпына келтіру.



Жоба серіктесі: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті.

Бариста курстары

Жоба мақсаты:

Қалада жұмыссыз жүрген жастардың бейімділігіне қарай қажетті болған мамандықтарға баулу.

Бүгінгі таңда Бариста курсының сертификатын 37 адам иеленді.



Жоба серіктесі: Түркістан облыстық «Жастар ресурстық орталығы», «Global Coffee».

300 студентке Түркияда жазғы мектеп



Жоба мақсаты:

Университетіміздің 300 үздік студентін жаз айларында Түркияда 30 күндік жаз мектептеріне қатыстыру, осылайша студенттердің шетел тәжірибесі мен білімінің қалыптасуына көмектесу.

Атқарылатын жұмыстар:

Студенттер өз салалары бойынша Түркияның озық университеттеріне жіберіледі.

Осы мақсатта, Гази, Мармара, Эге университеттерімен келіссөздер жүргізіліп, студенттердің академиялық және әлеуметтік бағдарламалары нақтыланды.

Бұл бағдарламалар аясында студенттеріміз академиялық тұрғыдан даму үшін лекциялар тыңдап, семинарларға қатысады. Сонымен қатар әртүрлі саяхатқа шығып, жаз айларын көңілді өткізеді.

Студенттердің жол, қонақ үй және өзге де шығындарын Шетелдегі түріктер басқармасы (ҮТВ), Түрік әуе жолдары (ТНҮ) және ТР Ұлттық Білім Беру министрлігі (МЕВ) көтереді.

Жоба серіктесі: ТІКА (Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі), ТНҮ (Түрік әуе жолдары), ҮТВ (Шетелдегі түріктер басқармасы).

Кардиохирургия орталығы «Cardio-Turkestan»



Жоба мақсаты:

ЖҚТЖ (Жүрек қан тамыр жүйесі) ауруларын анықтау және оның мониторингі.

ЖҚТЖ ауруларының негізгі мәселелері мен ауруды азайту жолдарының алғашқы медициналық санитарлық көмек берудің жаңа әдістемелік жұмыстары.

Инфаркт миокарды ауруы салдарынан өлім көрсеткішін азайту.

ЖҚТЖ ауруларында ашық ота жасау арқылы жоғары мамандандырылған көмек бойынша тәуліктік көлемде қызмет көрсетуді енгізу.

Жоба серіктесі: Тараз қаласындағы «Кардиохирургия және трансплантологияның ғылыми-клиникалық орталығы»

Туризм мамандығының 100 студентіне Түркияда 3 айлық тағылымдама



Жоба мақсаты:

Студенттеріміздің Түркиядағы туризм саласының теориялық және практикалық ерекшеліктерін үйреніп, алған білімдерін Түркістан туризмінің дамуында қолдануы.

Атқарылған жұмыстар:

Туризм кафедрасы студенттерінің мамыр-қазан айлары арасында 3-5 айлық тәжірибе мен тағылымдамадан өтуі үшін келісім шарттарға қол қойылды.

Түркиядағы туризм саласының ең үлкен корпорациясы болған «Rixos» және «Armas» қонақ үйлері, сонымен қатар «Anex Tour» туризм агенттігімен ынтымақтастыққа қол қойылды.

Қонақ үй және агенттік өкілдері студенттерімізбен кездесіп, 100 үздік студентті таңдап алды.

Келісім шарт жасалған қонақ үйлер мен агенттік студенттеріміздің виза және еңбек етуге рұқсат қағаздарын алуды, жол, қонақ үй, т.б. шығындарын көтеруді, сонымен қатар студенттерімізге 350 АҚШ доллары көлемінде айлық төлеуді өз мойындарына алып отыр.

Жоба серіктесі: «Armas», «Rixos», «Anex Tour».

Ахмет Ясауи тіл мектебі: қазақ тілін шетелдіктерге үйрету



Жоба мақсаты:

Қазақ тілін шетелдіктерге үйрету әдістерін дамыту және үйрету істерін кеңінен тарату; ұлттық және халықаралық деңгейде жарамды болатын сертификатталған “Шетелдіктерге қазақ тілін үйрету методологиясын” қалыптастыру.

- Бұл жобада Филология факультеті, Дайындық орталығы және педагогика саласының 36 ұстазы еңбек етіп жатыр. Бірінші этапта Еуропа Тіл Портфолиосына сәйкес деңгейлерге (A1-A2-B1-B2-C1) жеткізетін қазақ тілін үйрену жинақтары дайындалады.
- Екінші этапта басылатын кітаптар мен технологиялық құралдардың интеграциясы іске асады. Үшінші және соңғы этапта осынау білім беру материалдары арқылы, виртуалды сынып арқылы қазақ тілін үйрену цифрлық әлемге көшіріледі.
- Қазақ тілін үйретудің институционалды ерекшелікке ие болуы үшін Юнус Эмре институтының «Шетелдіктерге түрік тілін үйрету» жобасы үлгі ретінде қолданылып отыр, Бұл мақсатта Юнус Эмре институтымен келісім шарттар жасалды.

Жоба серіктесі: Юнус Эмре институты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Халықаралық «Қазақтілі» қоғамы.

«Ясауи төрінде» бағдарламасы



«Ясауи төрінде» бағдарламасының мақсаты – Ислам дініндегі маңызды тақырыптар мен өзекті мәселелерді және Қожа Ахмет Ясауи ілімінің құндылықтарын насихаттау. Маңызды бағдарлама қасиетті Рамазан айына орай 02.04.2022 ж. мен 30.04.2022 ж. күндері аралығында «Turkistan» телеарнасының эфирі арқылы көрсетілді.

Бағдарламаның жүргізушісі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, профессор, доктор Камил Яшароғлу. Университеттің ректор өкілі, профессор Женгиз Томар, Теология факультетінің деканы, профессор Досай Кенжетай, профессор, доктор Жасим Авжы, профессор, доктор Метин Йылмаз бағдарламаға арнайы қонақ болып, отыз күн бойы Ислам дініндегі маңызды тақырыптарды: иман, құлшылық, адамгершілік, дұға және шүкіршілік, ризық, адам ақысы, отбасы мен туыстық сияқты негізгі құндылықтарды талқылады. Бағдарлама түрік тілінде жүргізілді, қазақ тілінде де субтитр түрінде көрермендерге жеткізілді.

Жоба серіктесі: «Turkistan» телеарнасы.

Ботаникалық бақ реконструкциясы

1994 жылдан бастап университетіміз тарапынан 88 гектарлық алаңға отырғызылған Ботаникалық бақты реконструкциялап, Түркістан халқын жасыл табиғатпен табыстыру; тұрғындардың белсенді өмір мен әлеуметтену қажеттіліктеріне жауап беру.



Бұл жоба Түркиядағы муниципалитеттермен және ТІКА-мен ынтымақтаса отырып іске асып жатыр. Муниципалитеттер инфраструктуралық жұмыстарға, мамандарға және қажетті материалдарды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Реконструкцияланатын Ботаникалық бағымызда жасыл алаңдар; жүру, жүгіру, велосипед жолдары; демалыс және пикник алаңдары болады. Сонымен қатар жоспарда раушан, қызғалдақ сынды гүлдермен әшекейленген гүлзарлар; биологиялық көл; балалардың ойын алаңы және көп мақсатты спорт алаңдарын жасау бар.



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік-түрік университетінің

30 жылдық мерейтойына арналған жоба



#30жылдық30жоба



Ана жұрттан ата жұртқа - денсаулық көпірі



Ана жұрттан ата жұртқа білім көпірі: 100 оқулық



Бариста курстары



Теология факультеті және «Түркология» ҒЗИ ғимараты



Ясауи көктемгі мектебі



Кәсіпкерлік курстары: әйелдер мен жастарды жұмыспен қамту



Роботтық техника кодтау шеберханасы



Дәнекерлеу оқу шеберханасы



Қоғамдық тамақтану курстары



Инклюзивті білім беру орталығы



300 студентке шетелдік жазғы мектеп



Лингвистикалық орталық




Туризм мамандығы студенттеріне Түркияда 3 айлық тағылымдама



Түркістан қызғалдақтары



Балалар әдебиеті фестивалі




Азаматтық әуе тасымалында жер қызметтерін көрсету курсы



«Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығы



Сығанақ қалашығында археологиялық зерттеулер



«Электр жүйелерін цифрлық модельдеу» оқу зертханасы



Инженерия саласы бойынша оқу зертханалары



Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы



FABLAB оқу зертханасы



Түркі әлемі интеграциясындағы Түркістан концепциясы



«Ахмет Ясауи тіл мектебі» шетелдіктерге қазақ тілі курстары



Түркістанның материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу



Ботаникалық бақ реконструкциясы



Медицина саласы бойынша оқу зертханалары



«Түркістан 2040: келешек келбеті» концепциясы



Бірлескен білім беру бағдарламалары



«Ясауи төрінде» бағдарламасы

«Түркі әлемі интеграциясындағы Түркістан концепциясы»

Жоба мақсаты:

Бүгінде Түркі әлеміндегі географиялық атаулардың тарихи сипатын, тарих бойынша бастан кешкен өзгерістерін, жүктелген миссияларын аша білу – соңғы кезеңдегі өзгерістермен қатар болашаққа көзқарас тұрғысынан да аса маңызды. Жобада Түркістан атауының әртүрлі тілдерде жазылған тарихи дереккөздердегі орны, сондай-ақ әдеби мәтіндердегі көрінісі қарастырылады. Әртүрлі тілде жазылған мәтіндер бойынша түпнұсқа еңбектер салыстырылып зерттеледі.





«Балалар әдебиеті» фестивалі

Жоба серіктесі: Түркістан
облыстық Оқушылар сарайы.



«Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығын ашу

Жоба серіктесі: Дүниежүзілік
тоғызқұмалақ федерациясы.



Азаматтық әуе тасымалында жер қызметтерін көрсету курсын ұйымдастыру

Жоба серіктесі:
ТНУ (Түрік әуе жолдары).



Лингвистикалық орталық

Жоба серіктесі:
Юнус Эмре институты.



**«Цифрлық педагогика»
оқу зертханасы**



**Huawei IT
Академиясын
ашу**

Жоба серіктесі:
«Huawei» компаниясы.

ИНЖЕНЕРИЯ

Жоба серіктесі: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті.

ЗЕРТХАНАЛАРЫ

Микробиология оқу зертханасы



Анатомия оқу зертханасы



МЕДИЦИНА

Жоба серіктесі: ТІКА (Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі)



Дәнекерлеу бойынша оқу шеберханасын құру



Инклюзивті білім беру орталығы

Жоба серіктесі: Түркістан
облысының әкімдігі.



FABLAB оқу зертханасын жасақтау



Роботтық техника кодтау шеберханасын құру



Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы



«Түркістан 2040: келешек келбеті» концепциясы



Қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу

Жоба серіктесі: Гази, Мармара, Муғла Сытқы Кочман және Денсаулық Ғылымдары университеттері



Түркістан қызғалдақтары



Қоғамдық тамақтану қызметі саласы бойынша кәсіби мамандарды даярлау курсы



Кәсіпкерлік курстары: әйелдер мен жастарды жұмыспен қамту



Түркістанның материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу



Клиника-диагностикалық орталықтың реновациясы

Жоба серіктесі: ТІКА

Ана жұрттан ата жұртқа - 100 оқулық

Түркия Республикасының университеттерінде оқу құралы ретінде пайдаланылатын таңдаулы 100 кітап қазақ тіліне аударылады. Анадолу университетінің тапсырысымен жетекші ғалымдар жазып шығарған бұл оқулықтар еліміздің ғылыми әлеуетіне қызмет етеді.

Қазіргі таңда 11 оқулық қазақ тіліне аударылып жатыр:

«Қазіргі ислам құқығы мәселелері»
«Адам ресурстарын басқару»,
«Өндірісті басқару»,
«Халықаралық саясат I»,
«Мемлекеттік басқару»,
«Қазіргі әлеуметтік теориялар»,
«Визуалдық веб дизайн»,
«Зерттеу әдістері»,
«Эконометрика негіздері»,
«Алғашқы кезең Ислам тарихы»,
«Ислам тарихы және өркениеті I және II».



Жоба серіктесі: Анадолу университеті (Түркия Республикасы).

Ясауи көктемгі мектебі

Жоба мақсаты:

Қарқынды өзгеріп жатқан заманда инновациялар мен заманауи технологияларға бағдарланған жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялар мен лицейлердің жетекшілері мен мұғалімдерінің білімі мен біліктілігін арттыру балалармен жұмыс жасау



Жетістіктері:

«Ясауи көктемгі мектебі» жобасына Түркістан облысының мектептерінен 300-ге жуық педагог маман қатысты.



Жоба Серіктесі: «Soft Skills Qazaqstan», Түркістан облысының Адами әлеуетті дамыту басқармасы.



Университетіміз QS рейтингінде 714-ші орынға көтерілді



ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев ұжыммен кездесті



«Түркі Мемлекеттері Ұйымы» Түркі университеттері одағының IV Бас ассамблеясы



Университетіміздің 30 жылдығына арналған 30 жобаны таныстыру салтанаты



Қазақстан мен Түркияның Дінбасылары университетімізде құрметті қонақ болды



Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы Мұстафа Шентоп университетімізге құрметті қонақ болды



«Түркі Мемлекеттері Ұйымы» Ақсақалдар Кеңесінің Төрағасы Бинали Йылдырым – университетіміздің «Құрметті профессоры»!



Түркия Республикасының Вице-президенті Фуат Октай мәртебелі мейманымыз



Анкара қаласының губернаторы Васип Шахин құрметті қонағымыз



«Маңғыстаудан мың сәлем, Түркі төрі!» мәдени күндерінің ашылу салтанаты



Түркі дүниесі жастарының
«Достық» фестивалі



«Түркі халықтарының зияткерлік
ойындары» орталығының ашылу
салтанаты



«BRITISH COUNCIL (KAZAKHSTAN)»
ЖШС-мен меморандумға қол
қойылды



Әзірбайжан мемлекетінің Республика
күні мен университетіміздің 30
жылдығына арналған сурет көрмесі



Студенттеріміз дипломдық жоба
ретінде «Жарқанат» музыкалық
комедиясын сахналады

8 (72533) 6-36-90
8 778 105 16 26
Түркістан облысы,
Түркістан қаласы,
Б.Саттарханов данғылы, 29



www.ayu.edu.kz



[@yasawi_university](https://www.instagram.com/yasawi_university)



[fb.com/yasawi.university](https://www.facebook.com/yasawi.university)